

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі N 339 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қазандағы N 1708 Қаулысы

Қоғамдық тәртіпті сақтауды күшейту және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі N 339 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде : " деген 2 - б ө л і м д е :

3-бағандағы "112363" деген сандар "112611" деген сандармен ауыстырылсын;

"Облыстық бюджеттер мен республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттері есебінен ұсталатын ішкі істер органдарының әкімшілік полициясы, оның ішінде:" деген жолдағы "46062" деген сандар "46310" деген сандармен ауыстырылсын;

"Ақмола облысының Ішкі істер департамент" деген жолдағы "2616" деген сандар "2764" деген сандармен ауыстырылсын;

"Ақтөбе облысының Ішкі істер департамент" деген жолдағы "2294" деген сандар "2394" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Қосымша санды ұстау өңірлердің жергілікті бюджеттерінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Осы қаулы кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*